

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 6, Number 24 (2014), 12 – 14

## FEATURES OF SPATIAL DISTRIBUTION OF POPULATIONS OF SAIGA ANTELOPE IN KAZAKHSTAN

A. Kuanarkazy, E. Zh. Kentbayev, O. A. Baitanayev, R. Kadyken

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** saiga antelope, populations, distribution, methods of the accounting of a number, loudspeaker of number, genetic variety.

**Abstract.** In article features of spatial distribution of populations of saiga antelope in Kazakhstan are considered. The main methods of the accounting the number of these hoofed animals are given. Dynamics of number of saigas for the last six years is shined.

ӘӘЖ 591.512:599

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БӨКЕНДЕР ПОПУЛЯЦИЯЛАРЫНЫҢ МЕКЕНДЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

A. Қуанарқызы, Е. Ж. Кентбаев, О. А. Байтанаев, Р. Қадыкен

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** бөкен, популяциялар, таралуы, есепке алу әдістері, сан динамикасы, генетикалық алуандылығы.

**Аннотация.** Мақалада Қазақстанда таралған киіктедің популяцияларының үш тобы бөлінгені сипатталған. Бұл түқтүм жануардың есепке алу әдістері қарастырылған. Соңғы алты жылдағы санның динамикасы келтірілген. Бөкеннің генетикалық алуандылығын зерттеуге себебі бар, керектігі мол.

Бөкеннің (*Saiga tatarica* Linnaeus, 1766) таралуының географиялық өзгеруі бүгінгі таңда әлсіз білінеді. Қазіргі кезде бөкеннің екі түрші асты мекендейді. Олар: *Saiga t. tatarica* және *Saiga t. mongolica*, Bannikov 1946. Қазақстанда бөкеннің үш популяциялары бар. Олар: Орал тобы, Бетпақдала тобы және Үстірт тобы.

Монголияда бөкеннің монгол түршесі мекендейді. Қазақстандағы бөкендерден айырмашылығы: дене түркі кішілеу (дене ұзындығы 110-116 см, шоқтығының биіктігі 60-67 см, салмағы 26-32 кг). Қазақстандағы түрімен салыстырғанда, Монголияда мекендейтін бөкендердің мүйізі қыска, мұрнының дөнесі әлсіз білінеді. Таралуы: Солтүстік Батыс Монголиядағы үлкен көлдердің ойпаттары - Хиргиснур, Харанур, Харуснур, Дурғэнур әрі қарай Гоби шөлінің - Хойсиин Гоби және Шағын Гоби. Монгол бөкеннің бүгінгі күннің саны 300 басқа дейін [2, 3]. Бөкен қазба-қалдықтары плейстоцен қабатынан батыста Англиядан бастап, Аляскаға дейінгі аралықта табылған [4, 5].

Бөкен – жеке түр ретінде ерте пайда болған жануарлардың бірі. Қазба сүйектер арқылы бөкенге ұксас киіктедің бұдан 30-24 млн. жылдар бұрын пайда болғанына көз жеткіземіз. Бөкеннің плейстоцендік және голоцендік қазбалық сүйектері Евразияның Атлант мұхитынан Тынық мұхитына дейінгі 40-55 ендіктері аралығындағы алқапта көптег табылды [6].

Ауа райының өзгеруіне, халық шаруашылық жұмыстарының өркендереп өсуіне байланысты бұрынғы таралған жерлері тарылып, қазір тек Монголия, Ресейдегі Қалмық даласында және Қазақстанда ғана сақталып отыр.

Қазіргі кезде бөкендер санның күрт азауына байланысты ғалымдар, қорғау шараларын жүргізуді күшету, заңсыз аулауға жол бермеу керектігін басты назарда ұстап отыр. Сонымен бірге биологиялық ерекшеліктеріне негізделе отырып, олардың санын жасанды жолдармен көбейту, сол арқылы табиғатқа көптеп жіберу, құрып жоғалудың алдын алу, санақ жүргізу, биотехниялық шаралар жасау сынды көптеген амалдар жасау арқылы бөкендер қорын сақтауға болатындығын түсінуге болады.

Бөкендер санын анықтаудың бір тәсілі болып ізі бойынша бағдарлы, салыстырмалы есепке алу қысқы және жазғы есептеу деп белінеді. Қыста бағдармен ізін есепке алу аңшылық жануарларды аулап болғаннан кейін жүргізіледі. Осы жұмыстың киіктөр мекендейтін аумақтарда жүргізуі қажет.

Қоныс аударған кезде есепке алу. Мекеме аумағында бөкендер әр жыл сайын мезгілдік қоныс аударады. Оның биологиялық негізі күзгі-қысқы және көктемгі бөкендердің көшүі. Бұл әдіс бойынша көшіп бара жатқан жануарлар (жынысы және жасы анықталынып) және олардың іздері есепке алынады.

Жұп тұяқтыларды автокөлікпен есепке алу. Ашық тегіс жерлерде және тау етектерінде қолданылады. Автокөліктерден «УАЗ» және «Нива» қолданылады.

Жұп тұяқтыларды анкеталық-сұрау әдісімен есепке алу. Бөкеннен хабары бар адамдардан: аңшылардан, егерлерден, аңшылықтанушылардан және басқа да мамандардан тікелей жеке сұрау арқылы жүргізіледі.

Жұп тұяқтыларды есепке алудың бағдарлы-алаңды әдісі. Бұл әдістің иегерлері Қазақстан оқымыстылары. Бұл әдіс екі кезеңнен тұрады:

- сұрау арқылы және салалық деректерін пайдаланып есептеу ауданына барлау жүргізу, есепке алудың бағдарын анықтау және есептеу алаңдарын анықтап алу;
- есепке алу жұмысы.

Алдын ала әрбір 20-30 шақырым бағдарда 3-4 есептеу алаңдарын, әрқайсысы 15-20 шаршы шақырымнан салып қояды. Есепшілер бір-бірінен 0,5 шақырымнан тізбекке тұрып телімнің барлық бөлігін басып өтеді. Әрқайсысы өз күнделігіне дәл уақытты, орнын және есепке алынған жануарлар санын көрсетеді.

Жұп тұяқтыларды әуеден есепке алу. Бұл әдіс өте тиімді болып табылады. Бөкендерді әуеден санау үшін АН-2 ұшагын және МИ-2, МИ-4 және МИ-8 тік ұшактарын пайдаланады. Ұшу жылдамдығы сағатына 100 шақырым, биіктігі 50-150 метр (тексеретін алқаптың көрінуіне байланысты).

Бөкендерді есепке алуды ҚР ФБМ-нің Зоология Институтының қызметкерлері және Қазақстан биоалуантурлілігін сақтау ассоциациясы жүргізді. Бөкендердің жауы қасқырлармен күресті Алматы, Қарағанды, Жамбыл, Манғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облысының кесіпкөй аңшылары айналысты.

Зоология институтының және Қазақстан биоалуантурлілігін сақтау ассоциациясы деректері бойынша кейінгі жылдардагы бөкендер саны кестедегідей болды.

2009 – 2014 жылдардар аралығындағы Қазақстаниң бөкендер саны, мың бас.

Жылдар	Бетпақдала тобы	Үстірт тобы	Орал тобы	Барлығы	Есеп жүргізген мекеме
2009	45.2	9.2	26.6	81.0	Зоология институты
2010	53.4	4.9	27.2	85.5	Зоология институты
2011	78.0	6.1	17.9	102.0	Зоология институты
2012	110.1	16.5	20.9	137.5	Зоология институты
2013	155.2	5.4	26.4	187.0	Зоология институты
2014	216.0	1.7	39.0	256.7	Казақстан биоалуан түрлілігін сақтау ассоциациясы

Онда 2009 жылдан 2014 жылдары аралығындағы алты жыл ішінде бетпақдала тобы, орал тобы, үстірт тобы бойынша салыстырмалы түрде жылдан жылға бөкендер санының артуы байқалып отыр. Бұл уш топ бойынша салыстырғанда бетпақдала тобының орал және үстірт

топтарына қарағанда өсімінің анағұрлым жоғары екендігін анық байқаймыз. Демек, бұдан бетпақ дала тобы бөкендерінің осы аймақта өте жақсы бейімделгендігі, аймақтың ауа райы мен климаты, жер бедері мен өсімдік жамылғыларының бөкендердің алаңсызы өсіп-көбеюіне тиімді екендігін көрсетеді. Сонымен бірге бөкендердің өміршешендігі мен өсіп-көбеюіне де қолайлы болғандығын аңғаруға болады.

Сонымен бірге Қазақстандағы осы тұяқты жануардың генетикалық алуандылығын зерттеуге қажеттілігі келді [1].

### **ӘДЕБІЕТ**

- [1] Байтанаев О.А., Абаева К.Т., Кентбаев Е.Ж. Сайгак в Казахстане: эффект «бутылочного горльшка»? // Степной бюллетень. – Новосибирск, 2014. – № 40.
- [2] Банников А.Г. Материалы к познанию млекопитающих Монголии. V. Антилопы // Бюллетень Моск. об-ва испытателей природы. – Т. 56, вып. 3. – М., 1951. – С. 23-45.
- [3] Соколов С.С., Суворов С.С. Миграция сайги на сезонные пастьбища Бетпак-Далы // Уч. Зап. Алма-Атинского пед. ин-та. – Т. 7. – Алма-Ата, 1955. – С. 20-25.
- [4] Громова В.И. К истории фауны млекопитающих Кавказа // Изв. АН СССР. Сер. биол. – 1949. – № 5. – С. 517-537.
- [5] Верещагин Н.К. Млекопитающие Кавказа. История формирования фауны. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1959. – 704 с.
- [6] Кожамкулова Б.С. Антропогеновая ископаемая териофауна Казахстана. – Алматы: Наука, 1969. – 149 с.

### **REFERENCES**

- [1] Bajtanaev O.A., Abaeva K.T., Kentbaev E.Zh. Sajgak v Kazahstane: jeffekt «butylochnogo gorlyshka»? Stepnoj bjulleten'. Novosibirsk, 2014. N 40.
- [2] Bannikov A.G. Materialy k poznaniju mlekopitajushhih Mongolii. V. Antilopy. Bjulleten' Mosk. ob-va ispytatelej prirody. T. 56, vyp. 3. M., 1951. S. 23-45.
- [3] Sokolov S.S., Suvorov S.S.. Migracija sajgi na sezonnje pastbishha Betpak-Daly. Uch. Zap. Alma-Atinskogo ped. in-ta. T. 7. Alma-Ata, 1955. S. 20-25.
- [4] Gromova V.I. K istorii fauny mlekopitajushhih Kavkaza. Izv. AN SSSR. Ser. biol. 1949. N 5. S. 517-537.
- [5] Vereshlagin N.K. Mlekopitajushie Kavkaza. Istorija formirovaniya fauny. M.-L.: Izd-vo AN SSSR, 1959. 704 s.
- [6] Kozhamkulova B.S. Antropogenovaja iskopaemaja teriofauna Kazahstana. Almaty: Nauka, 1969. 149 s.

## **ОСОБЕННОСТИ ПРОСТРАНСТВЕННОГО РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ПОПУЛЯЦИЙ САЙГАКОВ В КАЗАХСТАНЕ**

**А. Қуанарқызы, Е. Ж. Кентбаев, О. А. Байтанаев, Р. Кадыкен**

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** сайгак, популяции, распространение, методы учета численности, динамика численности, генетическое разнообразие.

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности пространственного распределения популяций сайгаков в Казахстане. Приведены основные методы учета численности этих копытных животных. Освещена динамика численности сайгаков за последние шесть лет.

*Поступила 20.11.2014*